

Д.Т. Ноғайбаева* , З.Ө. Ибадуллаева 

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
*e-mail: dana_toktar@inbox.ru

ҚАЗАҚ ТУЫСТЫҚ АНТРОПОЛОГИЯСЫН ӘЛЕМДІК ҒЫЛЫММЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ

Қазақ антропологиясын әлемдік ғылыммен интеграциялауда туыстық жүйе мәселесінің алатын орны ерекше. Себебі, қазақ туыстық заңдылықтары мен әлемдік ғылымда орын алған тұжырымдар арасында біраз алшақтықтар бар. Олар қазақ туыстық антропологиясындағы басы ашылмаған мәселелерге көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Бұл, бір жағынан, әлемдік антропология әдістерін отандық ғылымда кең қолдануға, екінші жағынан, әлемдік классификация мен типологияда қазақ (түркі-моңғол) туыстық жүйесінің орнын анықтауға жол ашпақ. Мысалы, қазақтың дәстүрлі көшпелі социумын зерттеуде отбасы қатынастары мен туыстық жүйе механизмдерін талдау аса маңызды міндеттердің бірі. Осы жолда батыс ғылымының әдістерін меңгеру, әлемдік туыстық антропологияда қазақ туыстық жүйесінің орнын анықтау, соның ішінде қазақ туыстық терминдер жүйесінің типологиясы мәселесін қарастыру маңызды. Мақалада ішінара туыстық қатынастарды процессуалдық тұрғыдан қарастыру арқылы талдау мәселесіне көңіл бөлінген. Талдаудың бұл түрі мүлтік қатынастар мен заң және моральдық нормалардың туыстық жүйе арқылы социумдағы реттелу жолдарын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар қазақ туыстық жүйесінің ғылымға белгілі типологиялар жүйесіне сәйкеспейтіні және жалпы туыстықтыққа қатысты әлемдік тәжірибеде кезедесетін қалыпты заңдарға бағынбайтын тұстары қарастырылады.

Түйін сөздер: отбасы, туыстық жүйе, байланыстылық, туыстықтың процессуалды сипаты, минорат, майорат, туыстық терминдер жүйесінің типологиясы.

D.T. Nogaiyeva*, Z.O. Ibadullayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan
*e-mail: dana_toktar@inbox.ru

The problem of integration of the kazakh kinship studies with the world science

The problem of the kinship system occupies a special place in the integration of Kazakh anthropology with world science. This is due to the fact that there are some discrepancies between the actual laws in force in the system of kinship of the Kazakhs and the generally accepted provisions in world anthropology. These differences, in turn, allow us to focus on undisclosed problems in the anthropology of Kazakh kinship: on the one hand, the widespread use of the methods of world anthropology in domestic science, and on the other – the determination of the place of the Kazakh (Turkic-Mongolian) kinship system in the world classification and typology will allow us to reach a new level in this direction.

For example, when studying the traditional nomadic society of the Kazakhs, one of the most important tasks is to analyze the mechanisms of family relations and kinship systems. On this path, it is important to master some methods of Western science, to determine the place of the Kazakh kinship system in the world anthropology of kinship, including to consider the typology of the system of kinship terms of the Kazakhs. In particular, the article provides an example of the analysis of kinship relations through the procedural nature. This analysis allows us to show the levers of regulation of property relations, legal norms and morals in society through the kinship system. The inconsistency of the system of terms of kinship of the Kazakhs with any known typologies is also considered.

Key words: family, kinship system, relatedness, procedural nature of kinship, ultimogeniture, majorat, typology of kin-term systems.

Д.Т. Ногайбаева*, З.Ө. Ибадуллаева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

*e-mail: dana_toktar@inbox.ru

Проблема интеграции казахской антропологии родства с мировой наукой

Проблема системы родства занимает особое место в интеграции казахской антропологии с мировой наукой. Это связано с тем, что существуют некоторые расхождения между фактическими действующими законами в системе родства казахов и общепринятыми положениями в мировой антропологии. Эти расхождения, в свою очередь, позволяют сосредоточиться на нераскрытых проблемах в антропологии родства казахов: с одной стороны, широкое применение методов мировой антропологии в отечественной науке, а с другой – определение места казахской (тюрко-монгольской) системы родства в мировой классификации и типологии позволят выйти на новый уровень в данном направлении.

Например, при изучении традиционного кочевого социума казахов одной из важнейших задач является анализ механизмов семейных отношений и родственных систем. На этом пути важно овладеть некоторыми методами западной науки, определить место казахской системы родства в мировой антропологии родства, в том числе рассмотреть вопрос типологии системы терминов родства казахов. В частности, в статье приводится пример анализа родственных отношений через процессуальный характер. Такой анализ позволяет показать рычаги регулирования имущественных отношений, норм права и морали в социуме через систему родства. Также рассматривается несоответствие системы терминов родства казахов ни одной известной науке типологий.

Ключевые слова: семья, система родства, связанность, процессуальный характер родства, минорат, майорат, типология системы терминов родства.

Кіріспе

Бүгінде әлемдік даму қарқынына ілесе отырып, өз мәдени бейнеңді сақтап қалу ғылымда да көкейкесті мәселе. Қазақ туыстық жүйесі мен отбасы қатынастары тақырыбында ауқымды еңбек қалдырған Х. Арғынбаевтың зерттеу жұмысынан кейін осы бағытта әдістемені кеңейту мәселесі қазақ туыстық антропологиясындағы өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Осы жолда әлемдік антропология жетістіктерін пайдалану – зерттеу әдістерінің арнасын кеңейтіп қана қоймай, әлемдік туыстық антропологиядағы орнымызды анықтайды. Осыған байланысты жасалған салыстырмалы шолу барысында батыс әлеміндегі «туыстық» пен қазақтың дәстүрлі түсінігіндегі «туыстық» ұғымы түрлі дүниетанымдық категориядан екенін көреміз. Батыс әлемінде индивидуализм басым, туыстық байланыстан гөрі жеке кәсіп, мансап немесе хоббиге қатысты *байланыстар* маңызды. Ал қазақ дәстүріндегі туыстық қатынастар – қандас туыстық, құдандалық, тіпті жекжаттық – мұның барлығы жеке мүддеге бағынбайтын дәстүрлі байланыстар. Дегенмен, әлемдік ғылымнан әдіснамалық жағынан аларымыз көп, онымен интеграциялану барысында өз тұғырымызды айқындау міндеті тұр. Жаңа әдістемелік құралдарды пайдалана отырып, қазақ туыстық жүйесінің әлемдік ғылымдағы

туыстық терминдер жүйесіндегі типология мен классификациясын айқындау – елеулі жетістік болмақ. Сонымен бірге қазақтың отбасы және туыстық қатынастары мәселесіне бүгінгі ғылым тұрғысынан баға берсек, өзге де қоғамдық мәселелерді шешуде оң әсері болары сөзсіз. Қоғамдағы күрделі этникалық, әлеуметтік мәселелерді шешуде ғалымдардың, қоғамдық белсенділердің, заңгерлер мен үкімет өкілдерінің өзара келісімі болып, ортақ диалог кеңістігі орнаған жағдайда қоғамға пайдалы шешімдер шығарылады. Әсіресе, заң шығару саласындағы шешімдерге этнограф-ғалымдардың ықпалы болу үшін әлемдік ғылыммен интеграцияланған іргелі зерттеу еңбектерінің болуы шарт.

Материалдар мен әдістер

Әлемдік туыстық антропологияның даму қарқыны 1980 жылдардан кейін бәсеңдеп, Д. Шнайдерден кейінгі дағдарыс жаңа әдістемелерге жол ашты. Қазақстандық (кеңестік Қазақстан) этнография ғылымы осы кезеңге дейін әлемдік антропологиямен салыстырмалы түрде біркелкі қарқынмен дамыды, бірақ зерттеу міндеттері мен мақсаты түрлі бағытта еді. Себебі, әдістеменің де идеологияға бағынғаны белгілі.

Әлемдік ғылыммен интеграциялану мәселесі өзекті болғандықтан, біздің зерттеу жұмысы-

мыздың негізгі міндеттерінің бірі – Д. Шнайдерден кейінгі әдістемені саралау болып табылады. Соның ішінде ХХ – ХХІ ғғ. шегінде жазылған еңбектерге аса көңіл бөлінді: 1995 жылдан бері басылымға шығатын «Алгебра родства» альманахы (Попов, 1995-2019) (бүгінде 17 басылым жарыққа шықты), туыстық жүйе мен отбасы мәселелерін зерттеуші ғалымдардың бүгінгі еңбектері, соның ішінде И.Ю. Крецер (Крецер, 2017), Дж. Карстен (Carsten, 2000a), Э. Бауэр (Baueer, 2010), Ф. Вебер (Weber, 2013) еңбектері қарастырылды. Бұл еңбектерде тәжірибе жүзіндегі туыстық қатынастар зерттелген.

Зерттеу жұмысының негізгі әдістемесі элеуметтік-конструктивизм бағытымен байланысты. Ол зерттеу барысында туыстық және отбасы қатынастарының элеуметтік, заң жүйелерімен байланысын көрсетіп, туыстыққа қатысты социумда қалыптасқан әдет пен жеке мүдделер үйлесімділігін немесе қайшылығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талдаулар

Әлемдік ғылыми тәжірибеде «отбасы» және «туыстық» ұғымдарының арасында категориялық алшақтық орын алған. Оның себебі элеуметтану мен антропология ғылымдарында қалыптасқан дәстүрге байланысты және оларды ХХ ғасырда ғылымда шектеулі арнада қолданғандықтан еді. Мұны шет елдік ғылыми дәстүрде «біздің» және «өзгеге» тиісті туыстық деп түсінуден қалыптасқанын білеміз. Кезінде батыс елдерінің антрополог ғалымдары арасында өз елінің туыстық қатынастарын зерттеу кезінде «отбасы» ұғымы кең қолданылып, негізгі зерттеу объектісі – отбасы аясымен шектелсе, дәстүрлі қоғамдардың туыстық қатынастарын зерттеу кезінде қоғамның элеуметтік және саяси тамырларына дейін қамтылып, бүкіл туыстық жүйе қарастырылатын. Алғашқылары көбіне элеуметтанушы ғалымдар, соңғылары антропологтар қатарында еді. Бір жағынан, бұл дәстүр Жанет Карстеннің тұжырымдауына, туыстыққа қатысты «біздің» және «өзгелердің» деген түсінігін қалыптастырды (Carsten, 2000b). Біздің пайымдауымыз бойынша, әуел баста осының салдарынан бүгінгі туыстық антропологиядағы концептуалдық шатасу орын алған. Бұл мәселе осы мақала авторының еңбегінде де қарастырылған болатын (Ноғайбаева, 2020б). Туыстықты адам санасында қалыптасып, мәдениетке айналған немесе туыстық тек адамның санасындағы құбылыс деген пікірлердің

соңынан, Шнайдердің бастамасымен батыс елдерінде «байланыстылық» ұғымыны кең тарлады. Шнайдердің «туыстық» жоқ дегеніне жауап ретінде Жанет Карстеннің және т. б. зерттеушілердің еңбектері туды (Stafford, 2000. Sahlins, 2013).

Ал қазақ туыстық антропологиясының даму жолы өзгеше. Бұл жолда әлемдік туыстық антропологиясымен интеграцияланбағандықтан, «туыстық» пен «отбасы» концепциялары бір бірінен алшақтатылмаған.

Әрбір отбасы туыстық қатынастарды *жасаушы* элемент, бұл икемді әрі түрлі қайта құрылу, біріктіру, ыңғайландыру, элеуметтік және мәдени үдерістерді үйлестіру механизмдері арқылы іске асырылады. Ол биологиялық және биологиялық емес туыстарға да қатысты. (Бауэр, 2010: 79). Бауэрдің нұсқасында да ***kinship and relatedness***, яғни туыстық және байланыстылық деген терминдер қолданылады. Ағылшын тілінде қазақ дәстүрінде кездеспейтін *relatedness* (being related) – *біреумен байланысты болу* деген ұғым бар. Ол көбіне биологиялық емес байланыстарға қатысты қолданылады. Батыс ғылымында бұл ұғым әбден қолданыста болып, әдетке айналған. Ал қазақ дәстүрінде кездеспесе де, тума-туыс байланысы элеуметтік жағынан осы әдетке әбден балама болатыны сөзсіз. Алайда биологиялық фактор қазақ қоғамында басым екенін атап өткен жөн. Себебі, батыс елдерінде постиндустриалды қоғамдағы трансформацияларға байланысты қажеттіліктен туған байланыстар меңзелсе, қазақ социумында дәстүрлі тәжірибенің сақталғанын көреміз.

Дегенмен, батыс зерттеушілерінің қолданып жүрген «байланыстылық» ұғымын зерттеуге қатысты қалыптасқан әдістерін қазақ туыстық қатынастарының құрылымы мен табиғатын тереңірек тану үшін ғылыми тәжірибеге ендіруге болады. Мысалы, бүгінде отандық зерттеу еңбектерінің көбінде туыстық қатынастардың құрылымына көп көңіл бөлінген, есесіне туыстықтың *процессуалдық* (Крецер, 2015) жағы назардан тыс қалып қояды. ХVII – ХХ ғ-дың басы аралығында Қазақстан территориясының Ресей империясы әкімшілік басқаруына өтуі, дәстүрлі ру мен ауыл өмірі салтының бұзылуы туыстық жүйе мен отбасы қатынастарының өзгеруіне әкелді, бұл өзгерістер процессуалды тұрғыда талданбаған. Мұндай зерттеу туыстық қатынастардың қоғамды жасаушы құрылымдық құбылыс ретіндегі орнын анықтауға және дәстүрлі кезең мен бүгінгі өзгерістер арасындағы сабақтастықты тануға мүмкіндік береді.

Қазақ туыстық антропологиясының жолы бөлек болғанымен, оны әлемдік ғылыммен интеграциялау аса маңызды перспективалық міндеттердің бірі. Ол туыстық және көшпелі қоғам заңдылықтарының табиғатын тереңірек тану жолын ашады. Еуропалық ғылымда туыстық мәселесіне қатысты шешілмеген біраз проблемалардың болуына қарамастан, әдістемелік жағынан олардан алар тәжірибеміз жеткілікті. Сондықтан қазақ туыстық жүйесі туралы Х. Арғынбаев жазған кең қамтылған еңбекті әрі қарай жетілдіру үшін қазақ туыстық антропологиясы саласындағы зерттеу жұмыстарында әлемдік ғылым әдістемесін кең қолдану қажет деп есептейміз. Соның ішінде әлемдік туыстық типологиясынан қазақ туыстық жүйесінің орнын анықтау – өзекті мәселелердің бірі.

Туыстық жүйені зерттеу отбасынан басталатыны қазақ ғылымының дәстүрінде айқын білінеді және оның түбірі жетіата құрылымымен байланыстырылады. Бүгінгі қазақ туыстық қарым-қатынасы елеулі өзгерістерге ұшыраған, бірақ бастапқы заңдылықтарын жоғалтпаған. Мұның себебін ежелден көшпелі өркениеттің дамып, қалыптасуы барысында орнаған туыстық дәстүрден және туыстық жүйенің көшпелі империялардың социумын жасаушы құрылымның ажырамас бөлігі болғанынан деп білеміз. Олардың жасау уақыты мыңдаған жылдар болғанын және көшпелі дәстүрдің салыстырмалы түрде «кешегі күнге» дейін жасағанын ескерсек, туыстық жүйедегі мұндай тұрақтылықтың табиғатын түсіну қиынға соқпас.

Осыған байланысты қазақ туыстық жүйесін зерттеуде әлемдік ғылымның жетістіктерін пайдалану және қазақ туыстық дәстүрін танудағы дүниетанымымызды айқындай түсетін әлемдік ғылымның құралдары мен әдістерін отандық ғылымға интеграциялау мәселелері туыстық антропологиядағы келелі іс болып табылады.

Осы мақсатта келесі бағытта зерттеу жұмыстары жүргізілуі абзал:

- туыстық жүйе терминдеріне қатысты сараптамалар, туыстық жүйені абстрактілі түрде емес, белгілі бір нақты құрылым ретінде қағазға түсіре білу (кесте, диаграмма түрінде және т. б.);

- Туыстық қатынастардағы идеалды заңдылықтарды ғана емес, әр кезеңге қатысты туыстық қатынастардың сол идеалға сай келуі немесе келмеуі мәселелері, түрлі тарихи жағдайларға байланысты өзгеру тенденциялары, жалпы туыстық жүйедегі тұлғаарлық қатынастарға көңіл бөлу;

- Туыстық заңдылықтар бойынша әрбір альтер мен эгоның арасындағы байланыстың, оның заңдылықтары мен орнын нақты көрсетіп, туыстық қатынастар картинасын қағаз бетіне түсіру.

Яғни әлемдік туыстық антропологиядан алатынымыз – туыстық қатынастардың процессуалды заңдылықтарын зерттеу құралдары, оның құрылымын және жасау заңдылықтарын зерттеуге қатысты тұстары.

Туыстықтың процессуалды сипаты және әлеуметтік динамика

М.С. Жакин айтуынша рудың пайда болуы халықтың өміріндегі маңызды оқиғалармен қатар жүреді, мысалы, қаракесек руының өмір сүру кезеңін Қазақ хандығының құрылуы мен негізгі заңдардың қабылдануы («Қасым ханның қасқа жолы») кезеңдерімен байланыстырады. Жаңа рудың қалыптасуы биологиялық процестермен ғана емес, көбіне саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты, бірақ ол туыстық жүйе арқылы легитимделеді (Жакин, 2016: 6). Егер рудың жасау механизмдері қоғамдағы саяси оқиғалармен байланысты болса, туыстық жүйе мен отбасы қатынастары да осы жалпы заңдылықтардың бір бөлігі, тетігі болып табылатыны сөзсіз. Отбасынан бастап бүкіл туыстық деңгейлері өзінен төмен және жоғары тұрған деңгейлермен ортақ заңдылықтармен үйлесімді бірге жасайды. Ортақ заңдылықтар, жеке туыстар арасындағы қарым-қатынастың процессуалды жағы және оның социумдағы функциялары туыстық жүйе мен туыстық қарым-қатынастардың қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге бейімделу қабілетін көрсетеді.

Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы отбасы түрлерінің дамуына қатысты көптеген еңбектер жазылып, оның патриархалды формадан кіші отбасына өту мәселелесімен әлеуметтанушылар, этнограф ғалымдар түбегейлі айналысқан болатын. Ал туыстар арасындағы қарым-қатынастың туыстық қағидаттарына бағыну немесе бағынбау себептері, қоғамды трансформациялауға жеке мүдделер ықпалының рөлі және туыстық қатынастардың өз шеңберінен ауқымды рулық қатынастар немесе мемлекеттік басқаруға әсері зерттеуді қажет етеді. Отбасы дегеніміз – топ, ал туыстық дегеніміз – қағидаттар жүйесі деген анықтамаға сүйенер болсақ, (Крецер, 2017: 33), туыстық қағидаттарға бағынатын отбасы мүшелерінің әрқайсысының социумдағы орны

бөлек, әлеуметтік рөлі сомдалған. Отбасы әуел баста осы қағидаттарға бағына отырып пайда болған болса, қалыптасып, топқа айналған кезде өз мүддесін туыстық заңдарға бағындыруы да мүмкін. Мұндай қажеттілік отбасынан да үлкен әлеуметтік бірліктердің жасауына ыңғайланған. Осындай әлеуметтік қағидаттардан отбасы мүшелері мен туыстар арасындағы қарым-қатынас және оның қоғамдық қатынастарды реттеу механизмдерін тануға болады. Мысалы, туыстықтың процессуалды бағытының астарынан Ф. Вебер үш деңгейді анықтаған: туыстықтың *қандастық* (биологиялық) факторы, *күнделікті тіршілік барысындағы қарым-қатынас* (бір-біріне құрмет, қамқорлық көрсету) факторы және оның *заңды түрде рәсімделу* (бала асырап алу, некеге тұру) факторы. (Weber, 2013: 2). Ф. Вебер өз еңбегінде аталған үш деңгейдің өзара әрекеттесу заңдылықтарын қарастырады. Биологиялық фактор бола тұра, бір-біріне қамқорлық көрсетпеуі мүмкін, немесе асырап алған баланың жанашырлығы қандас туыстан жоғары болуы мүмкін. Дәстүрлі қазақ туыстығының ерекшелігі идеалды жағдайда үш деңгейдің де әрдайым міндетті түрде жасауы және үйлесуі ләзім. Оны социумның өзі қатаң қадағалап отырған. Мұны «Абай жолы» романындағы Қодар мен Қамқа оқиғасынан көрсетуге болады.

«Абай жолының» бірінші тарауында баяндалған осы сюжет қазақ туыстық жүйесінің әлеуметтік-экономикалық функциясынан біраз ақпарат береді. Ескертетін жайт, біздің тарапымыздан кейіпкерлердің мінезіне, соның ішінде Құнанбайдың тұлғасына тарихи баға берілмейді.

Романның бірінші томының, бірінші тарауында Құнанбай Қодардың мәселесіне қатысты шақырылған жиында оның туыстарынан астыртын түрде қолдау күтті. Маңызды шешім шығару үшін туыстарының растауын қажет етті. Аталас туыстың өзі де «кінәлі» деп тапса, шешімі дұрыс болмаған жағдайда, көтерер жауапкершіліктің жүгі жеңілдемек. Құнанбай болыс бола тұра, өз шешімінің жауапкершілігін өзі үкім қабылдаған жазалының аталастарымен бөліспек. Мұның түбінде қазақ дәстүрінде тереңдеп жатқан бір шындық бар – әрбір ру өз адамына жауапты, ақтаса да, даттаса да өз құзыретінде. Аталас туыстықтың бір құпиясы осында.

Аталас туыстың жетім-жесір мәселесіне әрқашан жіті көңіл бөлгені белгілі. Бір жағынан, жетім-жесірді қанатының астына алып, қамқор болу – аталас туыс адамдардың бір-бірінің алдындағы парызы, бұл қағида дала

заңында бар, оны елемеу – жұрт алдында масқара болу дегенмен тең. Мысалы, романда «Қодарды келінімен жұртқа тастап кетті» деген қауесет сөздерден соң, жауапкершіліктен жалтарған туысы әңгіменің ұшын басқа жаққа бұрып, Қодардың өзін кіналап, соңында оның келінімен өліміне әкелген еді. Дала заңы бойынша әуел бастан Қодардың көшіне қажетті көлік беріп, қанатының астына алатын аталас туысы өз жауапкершілігінен айнымауы шарт еді. Яғни, күнделікті тіршілік барысында туыстар арасындағы ережелер сақталуы немесе сақталмауы мүмкін, бірақ дәстүр бойынша оның сақталмауы ел арасында сөз болып, айыптыны жауапқа тартатын әлеуметтік тетіктердің болғанын меңзейді. Туыстықтың мұндағы әлеуметтік мәселелерді реттеуші рөлін танамыз.

Екінші жағынан, аталас туысқанмен жақсы қарым-қатынаста болу – өмірлік қажеттілік. Қалай болғанда да, байланысты үзбей, етене араласу маңызды. Жеке адам тағдыры аталас туыстық шеңберіндегі қарым-қатынасқа тікелей байланысты. Себебі, туыстық шеңберінде қарым-қатынастың мықты болуы – социумдағы қауіпсіздік кепілі.

«Абай жолында» келтірілген Қодар мен Қамқа оқиғасынан меншік (мал-мүлік), заң, мораль мәселелерінің туыстық жүйе арқылы реттеліп отырғанын анық көруге болады, сонымен бірге қазақтың дәстүрлі қоғамындағы отбасы мен туыстық қатынастардың әлеуметтік жүйемен байланысынан ақпарат аламыз.

Романдағы оқиға XIX ғасырдың екінші жартысына қатысты болғандықтан, сол замандағы қазақ қоғамына жаңа империялық заңдар еніп, қоғам патшалық әкімшілік басқару жүйесіне өткен. Оқиғадағы әлеуметтік және биологиялық факторлардың қайшылығы мен бірін-бірі толықтыруы үдерістерінің қатар жүретіні, сондай-ақ жеке мүдделер мен қоғамда қалыптасқан заңдар қайшылығы байқалады: әлеуметтік конструктивизм бағытына сүйенсек, қоғамда қалыптасқан жүйені тек өте мықты сыртқы күштер ғана бұзып, трансформациялай алады. Ал қазақтың дала заңының беріктігі туыстық жүйе мен әлеуметтік байланыстардың барлық бағыттарынан сезіледі. Вебер атаған туыстықтың *қандастық* (биологиялық), *күнделікті тіршілік барысындағы қарым-қатынас* және оның *заңды түрде рәсімделу* факторларының үйлесімді болуын дала заңы реттеген:

- Құнанбай дала заңынан аттап, патша әкімшілігі берген құзыретінің күшін көзсіз қолдана

алмайды, жазалау үшін аталас туыстардың келісіміне сүйенеді;

- Ауқатты қауым мүшелері тұрмысы нашар туыстарына көмек беруі парыз, бұл әдетті сақтамағандар елдің сөзіне қалып, абыройдан арылады;

- Бақуатты қауым мүшелері әлімжеттік жасап өзінен тұрмысы төмен туыстарының мал-мүлкіне ашық түрде қол сұға алмайды;

- Туыстық – ар-ұждан, этикалық категориядағы қарым-қатынасты реттеуші жүйе.

Қорыта айтқанда, қазақтың дәстүрлі қоғамындағы туыстық жүйе – биологиялық фактормен бекітілген әлеуметтік қатынастарды реттеуші құбылыс. Туыстық және әлеуметтік қатынастар, сондай-ақ қоғамдағы саяси, экономикалық өзгерістер арасындағы байланыстың динамикасын туыстықты процессуалды тұрғыда зерттеу арқылы тануға болады. Тұтас алып қарағанда, бүгінгі қоғамдағы туыстық қатынастардың процессуалды сипатына көңіл бөлу арқылы біраз мәселенің бетін аша аламыз. Осы зерттеу бағытын дамыту арқылы қоғамға қажетті мәселелерге көңіл бөлу мүмкіндігі бар: мысалы, неке және отбасына қатысты заң шығару және т. б. әлеуметтік мәселелерді шешуде осындай зерттеулер елеулі оң әсерін тигізеді анық.

Қазақ туыстық жүйесінің ерекшелігі

Келесі мәселе қазақтың дәстүрлі туыстық жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты: туыстық антропологияда бүгінде қалыптасқан негізгі бағыттарды қарастыра болсақ, Л.Г. Морганның эволюциялық тұжырымынан бастап, А.Р. Рэдклиф-Браунның функционалды бағытына дейінгі концепциялар қазақ туыстық жүйесіне (жалпы түркі-моңғол туыстық жүйесіне) қатысты бірқатар мәселелерді түсіндіре алмайтыны белгілі. Мысалы, А.Р. Рэдклиф-Браунның айтуы бойынша, туыстық жүйе дегеніміз – жалпы әлеуметтік байланыстар жүйесінің бір бөлігі (Radcliffe-Brown, 1950: 13). Л.Г. Морган мен Ф. Энгельстің еңбектерінде уақыт өте келе, эволюциялық даму барысында бір-біріне туыс болып келетін адамдардың шеңбері қысқарады деген пікір бар. Қазақтың дәстүрлі қоғамында да, өзге қоғамдардағыдай туыстық жүйе арқылы экономикалық, сот және отбасы мен неке қатынастары реттеліп отыратын. Бүгінде де дәстүрлі туыстық жүйеден келе жатқан заңдылықтардың бірқатары өзектілігін жоғалтпаған. Мысалы, неке қатынастарын реттеуші – жетіата дәстүрі – қоғамдағы транс-

формацияларға берілмеген заңдардың бірі. Қазақтың дәстүрлі туыстық жүйесінің қоғамдағы әлеуметтік ауқымдылығы А.Р. Рэдклиф-Браун айтқанынан кең, ол билік, заң, мүліктік қатынастарды реттеуші, көшпелі социумның құрылымын жасаушы құбылыс. Бір-біріне туыс адамдардың шеңберінің қысқару үрдісі дәстүрлі кезеңмен салыстырғанда бүгінгі күні аса білінбейді.

Тағы бір ерекшелік – қазақ туыстық жүйесі әлемдік типологиядағы басқа туыстық терминдер жүйелерімен салыстырғанда ерекше орынға тұр. Бұл жөнінде А.В. Шабашов еңбегінде ауқымды көрсетілген. Оның еңбектерінде түркі-моңғол халықтарының туыстық терминдер жүйесі әлемдік типологияға сай келмейтіні және ғылымда анықталған төрт типологияның біреуіне де жатқызуға болмайтыны көрсетілген. Туыстық терминдер жүйесі бойынша осы мақала авторы тарапынан қазақ туыстық типологиясы сызықтық немесе бифуркативті түрдің біріне сәйкес келеді деп болжанған болатын (Ноғайбаева, 2020а). А.В. Шабашовтың еңбегінде түркі-моңғол туыстық жүйесіне әлемдік ғылым мақұлдаған төрт типтен бөлек филиациялық деген сипаттама беріледі. Мысалы, қазақ туыстық жүйесіндегі «аға», «апа», «сіңлі», «іні» туыстық атауларының бірнеше генеалогиялық ұрпаққа қатысты бір терминмен қолданылуы әлемдік типологияда кездеспейтін құбылыс: эго өзінен үлкен туған бауырын да (0-ұрпақ), әкесінің інісін де (+1 ұрпақ) «аға» деп атайды. Зерттеушілердің айтуынша, мұндай құбылыс бастауын пуналуалдық отбасынан алады немесе туыстықтың филиациялық түріне жатқызуға болады (Шабашов: 1999).

А.В. Шабашов көрсеткен типологиялық ерекшелікті көшпелі өркениеттің туыстық жүйесіндегі орталықтандыру принципімен де байланыстыруға болады. Символикалық тұрғыда мұны мемлекеттік қауіпсіздікпен байланысты әдет нормаларының қатарына жатқызған жөн: мемлекет құрып, оны орталықтандырып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін үлкен мен кіші арасындағы қарым-қатынастың реттелуі қажет. Патриархалды үлкен отбасының орнына кіші отбасы келсе де, туыстық терминдер жүйесінен анық байқалатын бірнеше генеалогиялық ұрпақ арасындағы тығыз байланыс ХХ – ғасырдың басында да айқын көрінеді. Процессуалды жағынан қарағанда эмоционалды байланыс өмірлік тәжірибеде ХХ – ғасырдың 50-60 жылдарына дейін үзілмеген: эго үшін жасы үлкен туған бауыры да «аға», әкесінің бауырлары да

«аға». Бірнеше генеалогиялық ұрпақ арасындағы тығыз байланыс туыстық атаудан ғана емес, шынайы өмір процесінен де көрінеді. Мұны жетіата жүйесін ғасырлар бойы ұстап келген тетіктердің бірі деп қарауға болады.

Көшпелі қоғамдағы биліктің берілу жүйесі де осы жақындықты заңды түрде легитимдеген. Мұндай жүйеде мықты орталықтандыру және біріктіру механизмдері бар. Олар екі жақты үдерістен тұрады, бір жағынан, әулеттің географиясын, материалды және адам ресурсын кеңейту үдерісі (үйленген үлкен ұлдарына енші беріп бөлек шығару), екінші жағынан, осы кеңейтілген бірлікті (әулетті) орталықтандыру. Мәселен, қазақтың кіші ұлға қара шаңырақты қалдыру дәстүрі (минорат) көшпелілерде ерте кезеңнен (сақ дәуірінен) кездесетін тәжірибе. Миноратты майораттан бұрынғы қарапайым қоғамдарда кездескен деген пікір бар. Ал Н.В. Бикбулатовтың айтуынша, минорат үлкен патриархалды отбасы ыдырағаннан кейін пайда болған (Бикбулатов, Кузеев, 1976: 39). Отырықшы мәдениетте, әсіресе еуропалық қоғамда майорат жиі кездескен. Көшпелі қоғамда үлкен патриархалды отбасының болған-болмағаны ғылымда пікірталас тудырған болатын. Бірақ кейбір зерттеушілер тарапынан оның көшпелі қоғамда Қазақ хандығының құрылуына дейінгі кезде жойылғаны туралы тұжырымдар айтылған (Арғынбаев, 1973: 28-32). Осы орайда минорат дәстүрі көшпелі қоғамдағы өмір сүру дәстүрінің бір ерекшелігі деп білеміз. Ол қара шаңырақты қазық ретінде бекітіп, бүкіл әулеттің ресурстық потенциалын біркелкі бөлуге бағытталған. Кіші ұл ер жеткенше үлкен ұлдардың мал-жаны жетіліп, өз алдына жеке шаруашылық құрады. Сөйтіп әкенің әлеуметтік, экономикалық кеңістігін арттырады. Ал биліктің ағадан інісіне өту дәстүрі (Артықбаев: 2013) осы қанатын жайған әулеттің күшін бекітіп, бірлігін нығайтуға бағытталған.

Түркістан облысы, Төле би ауданының Леңгір қаласында жүргізілген этнографиялық сұхбат материалдары бойынша 1955-1960 жылдарға дейін бірнеше ағайындылар ортақ шаруашылықпен айналысып, бір шаңырақтың астында өмір сүріп, Хрущев экономикалық реформаларынан кейін өз алдына бөлек шаңырақ болып бөлінген. «Неліктен кейін жеке үйлі болып бөлініп кеттіңіздер?» деген сұраққа респонденттердің барлығы «тұрмыс жағдайы түзелген соң, ағайындылардың әрқайсысы бөлек үй-жайлы болды» деген жауап берді (АДМ, 2021). Еліміздегі 1930-50 жылдар арасындағы

қасірет біраз отбасыларының басын біріктіріп, қиын-қыстау кезеңде тіршілікқамы үшін тарихи жадында сақталған дәстүрден айнымай, өзін-өзі сақтау бағытымен өмір сүрген. Мұны өз энергиясын үнемдеу және аман қалу бағыты деп түсінеміз. Ал мамыражай заманда отбасындағы үлкен ұлдың бөлек шығып, қара шаңырақта кіші ұлды қалдыру қалыпты жағдай.

Жоғарыда келтірілген дәйектерді қорытындылай келе:

- Қазақ туыстық жүйесінде әлемдік туыстық антропологияда көрсетілген заңдылықтарға сәйкес келмейтін тұстары бар. Мысалы, жетіата дәстүрінің өміршеңдігі немесе қазақ туыстық терминдер жүйесінің әлемдік ғылымда тұжырымдалған типологияларға сәйкес келмеуі;

- Қазақ туыстық терминдер жүйесінің типологиялық ерекшелігі жанама туыстық атаулардан және жанама бағыттағы туыстық қатынастардан байқалады;

- Жетіата туыстықтың вертикалды, ал сиблингтердің қарым-қатынасы горизонталды бағыттағы туыстық байланыстар. Алғашқысында биологиялық фактор басым болса, соңғысында әлеуметтік және экономикалық фактор басым. Ағайындылар (сиблингтер) қандас туыс болғанымен, олардың қарым-қатынасынан қоғамда туындайтын әлеуметтік және экономикалық нәтиже басым. Горизонталды туыстықта жетіатаның әрбір генеалогиялық шеңберін бекітуге бағытталған заңдылықтары бар. Соның ішінде, дәстүрлі қазақ қоғамында биліктің ағадан ініге берілу дәстүрі де жетіатаның генеалогиялық шеңберін орталықтандырып, нығайтуға бағытталған. Горизонталды туыстықта *орталықтандыру* және *кеңейту* принциптері бірдей жасайды, сонымен бірге оның әлеуметтік байланыстарды жасау икемділігі басым. Мұның барлығы қазақ туыстық терминдер жүйесінің типологиялық ерекшелігін айқындайтын заңдылықтар.

Қорытынды

Батыс антропологиясында зерттеу бағыты тұлғадан, ал қазақ этнологиясында кеңестік ғылымның дәстүрі бойынша ұжымдық деңгейден бастау алады. Ғылымда көрініс алған индивидуализм мен коллективизм туыстық жүйеден де мықтап орын алған: туыстықты процессуалды тұрғыда қарастыру қазақ туыстық дәстүріндегі ұжымдық дүниетанымын айқындайды. Қазақтың дәстүрлі қоғамында отбасы ішіндегі қарым-қатынас отбасынан тыс

күрделі туыстық жүйе мен жетіата жүйесіне бейімделген. Бір жағынан, туыстық жүйе мен жетіата жүйесі отбасын толық бір құрылым ретінде социумда жасауын, қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, екінші жағынан отбасы мүшелерінің барлығы, туыстық атаулар мен рольдер осы жүйені сақтап, дамыту үшін жасай-

ды. Өз рөлінен ауытқу жүйені әлсіретеді: оның ауытқымауын социум жіті қадағалайды. Дегенмен батыс әдістемесін қолдану – туыстықты зерттеуде статикадан динамикаға көп көңіл бөлу – осы бағытты жаңа деңгейге көтереді. Бұл батыс үлгісімен ғылымның күшін жеке тұлға мәселесіне жұмылдыру дегенді білдіреді.

Әдебиеттер

- АДМ (Автордың далалық материалдары). (2021) Түркістан обл. Ленгір қаласындағы экспедиция.
- Аргынбаев Х.А. (1973) Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Ғылым. 328 б.
- Артықбаев Ж. (2013) Абылай хан: аңыз бен ақиқат // Астана ақшамы. 2 шілде. <https://www.astana-akshamy.kz/abyлай-han-angyz-ben-aqiqat-2/> (Қаралған күні: 15.04.2021)
- Bauer E. (2010) Creolisation of London Kinship: Mixed African-Caribbean and White British Extended Families, 1950-2003 / E. Bauer. Amsterdam: Amsterdam University Press, 282 p.
- Бикбулатов Н.В., Кузеев Р.Г. (ред.). (1976) Этнография Башкирии. Уфа: Башкирский филиал АН СССР. 160 с.
- Weber F. (2013) Rethinking kinship today. The strength of the everyday / F. Weber // Éditions Rue d'Ulm, collection «Sciences sociales». Paris. http://www.presses.ens.fr/client/document/traductionintro_393.pdf (Data: 20.05.2021)
- Жакин, М.С. (2016) Еуразия далалық өркениетінің циклдық даму заңдылығы / М.С. Жакин // Отан тарихы. №3, С. 5-16.
- Carsten J. (2000a) Introduction: cultures of relatedness / J. Carsten // Cultures of Relatedness: new approaches to the study of kinship / ed. by J.Carsten. Cambridge: Cambridge University Press. pp. 1-36.
- Carsten J. (2000b) 'Knowing Where You've Comefrom': Ruptures and Continuities of Time and Kinship in Narratives of Adoption Reunions / J. Carsten // The Journal of the Royal Anthropological Institute. Vol. 6. No. 4. Pp. 687–703.
- Крецер И. Ю. (2015) Перспективы исследования современных отношений родства // XVIII Международная конференция памяти проф. Л.Н. Когана «Культура, личность, общество в современном мире: Методология, опыт эмпирического исследования», 19-20 марта, г. Екатеринбург. Екатеринбург: [УрФУ], 2015. С. 2183-2194.
- Крецер И. Ю. (2017) Социокультурные паттерны родственных отношений в условиях большого города (на примере Санкт-Петербурга). Дисс. на соиск. учен. степени канд. Социолог. наук. Санкт-Петербург. 189 с.
- Ноғайбаева Д.Т. (2020a) Компонентный анализ казахской системы терминов родства и проблемы ее типологического измерения. Вестник КазНУ, Серия историческая. С. 115-121.
- Ноғайбаева Д.Т. (2020б) Бүгінгі туыстық антропологияның даму тенденциялары, «Оразақ Смағұлов – Қазақстан антропология ғылымының негізін қалаушы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы.
- Попов В.А. (Сост. и отв. ред.) (1995-2017) Алгебра родства: Родство. Системы родства. Системы терминов родства: альманах. Вып. 1-17. СПб.: МАЭ РАН.
- Radcliffe-Brown J. R. (1950) Introduction // African systems of kinship and marriage / eds.A. R. Radcliffe-Brown and D. Forde. London: Oxford University Press, 399 p.
- Sahlins M. (2013) What kinship is and is not / M. Sahlins. Chicago: The University of Chicago Press. – 110 p.
- Stafford C. (2000) Chinese patriline and the cycles of Yang and Laiwang / C. Stafford // Cultures of relatedness: new approaches to the study of kinship / ed. by J.Carsten. Cambridge: Cambridge University Press. – pp. 37-54.
- Шабашов А.В. (1999) К проблеме типологизации систем терминов родства некоторых этнических общностей Северной Евразии // АР. Вып. 4, С. 122-129.

References

- ADM (Avtordyn dalalyk materialdary). (2021) Turkistan obl. Lengir qalasyndagy ekspediciya. [Field materials of the author].
- Argynbaev KH.A. (1973). Kazakh khalkindagi semya men neke (tarikhi etnografiyalik sholu). [Family and marriage among the Kazakh people (historical and ethnographic review)]. Almaty: Gilim, 328 b.
- Artyqbaev ZH. (2013) Abylai han: anyz ben aqiqat [Abylai Khan: myth and truth]. // Astana aqshamy. 2 shilde. <https://www.astana-akshamy.kz/abyлай-han-angyz-ben-aqiqat-2/> (Date: 15.04.2021)
- Bauer E. (2010) Creolisation of London Kinship: Mixed African-Caribbean and White British Extended Families, 1950-2003 / E. Bauer. Amsterdam: Amsterdam University Press, 282 p.
- Bikbulatov N.V., Kuzeev R.G. (red.). (1976) Etnografiya Bashkirii. [Ethnography of Bashkiria]. Ufa: Bashkirskij filial AN SSSR. 160 s.
- Weber F. (2013) Rethinking kinship today. The strength of the everyday / F. Weber // Éditions Rue d'Ulm, collection «Sciences sociales». Paris. http://www.presses.ens.fr/client/document/traductionintro_393.pdf (Data: 20.05.2021)
- ZHakin M.S. (2016) Euraziya dalalyq orkenietinin cikldyq damu zandylygy [Regularity of the cyclic development of the Eurasian steppe civilization]. / M. S. ZHakin // Otan tarihy. №3, S. 5-16.

Carsten J. (2000a) Introduction: cultures of relatedness / J. Carsten // *Cultures of Relatedness: new approaches to the study of kinship* / ed. by J. Carsten. Cambridge: Cambridge University Press. – pp. 1-36.

Carsten J. (2000b) 'Knowing Where You've Come from': Ruptures and Continuities of Time and Kinship in Narratives of Adoption Reunions / J. Carsten // *The Journal of the Royal Anthropological Institute*. Vol. 6. No. 4. Pp. 687–703.

Krečer I. YU. (2015) Perspektivy issledovaniya sovremennyh otnoshenij rodstva [Prospects for the study of modern kinship relations]. // XVIII Mezhdunarodnaya konferenciya pamyati prof. L.N. Kogana «Kul'tura, lichnost', obshchestvo v sovremennom mire: Metodologiya, opyt empiricheskogo issledovaniya», 19-20 marta, g. Ekaterinburg. Ekaterinburg: [UrFU], 2015. S. 2183-2194.

Krečer I. YU. (2017) Cociokul'turnye patterny rodstvennyh otnoshenij v usloviyah bol'shogo goroda (na primere Sankt-Peterburga) [Sociocultural patterns of kinship relations in a large city (on the example of St. Petersburg)]. Diss. na soisk. uchen. stepeni kand. Sociolog. nauk. Sankt-Peterburg. 189 s.

Nogajbaeva D.T. (2020a) Komponentnyj analiz kazahskoj sistemy terminov rodstva i problemy ee tipologicheskogo izmereniya [Component analysis of the Kazakh system of kinship terms and problems of its typological measurement]. *Vestnik KazNU, Seriya istoricheskaya*. S. 115-121.

Nogajbaeva D.T. (2020b) Bugini tuystyq antropologiyany damu tendenciylary [Trends in the development of modern anthropological study of kinship]. «Orazaq Smagulov – Qazaqstan antropologiya gylymynyn negizin qalaushy» atty Halyqaralyq gylymi-praktikalyq konferenciya materialdary, Almaty.

Popov V.A. (Sost. i otv. red.) (1995-2017) Algebra rodstva: Rodstvo. Sistemy rodstva. Sistemy terminov rodstva : al'manah [Kinship algebra: Kinship. Kinship systems. Systems of kinship terms: almanac]. Vyp. 1-17. Sankt-Peterburg: MAE RAN.

Radcliffe-Brown J. R. (1950) Introduction // *African systems of kinship and marriage* / eds. A. R. Radcliffe-Brown and D. Forde. London: Oxford University Press, 399 p.

Sahlins M. (2013) What kinship is – and is not / Moskva. Sahlins. Chicago: The University of Chicago Press. 110 p.

Stafford C. (2000) Chinese patriline and the cycles of Yang and Taijitu / C. Stafford // *Cultures of relatedness: new approaches to the study of kinship* / ed. by J. Carsten. Cambridge: Cambridge University Press. pp. 37-54.

Shabashov A.V. (1999) K probleme tipologizatsii sistem terminov rodstva nekotoryh etnicheskikh obshchestv Severnoj Evrazii // *AR*. Vyp. 4, S. 122-129.